

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29.05-31.05.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды үйреніңіз. (еңбек дағдылары)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек дағдылары)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)		
	Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз	Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы.	"Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы.		

	қонаққа келді". Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып, қол бұлғайды) Жайқалып тұр,	Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) "Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсат-міндеттер: ақыл-ой қабілеттерін,	Мақсат-міндеттер: балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; гүлдердің түрлерін білуге машықтандыру. Педагог балаларға бір алаңның екі қатарында орналасқан сегіз гүлдерді көрсетеді. Балалар гүлдердің арасында бірдей гүлдерді табу керек. Педагог гүлдерді атауға да шақырады. (математика негіздері) Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу)		
--	--	--	--	--	--

	тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған. ("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп- тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)	қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (математика негіздері)			
--	--	--	--	--	--

	Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.				

	7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаз мезгілі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен	Жаз мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге қарап әңгіме құрау. (сөйлеуді дамыту және көркем	Жаз мезгілі туралы жұмбақтар шешу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		

	таныстыру)	әдебиет, қазақ тілі)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жәндіктерді бақылаймыз, еңбектейміз, жорғалаймыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа 4-6 сызықтың үстінен секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см) үйрету.	Қазақ тілі "Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері." (пысықтау) Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында жаз мезгілі мен жазғы табиғатқа тән құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; кемпірқосақ түстерінің атауларын бекіту; жаз қызықтары жайлы білім алуларына ықпал ету. Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; «Жаз»	Дене шынықтыру "Жайдары жаздың ойындары". Мақсат-міндеттер: балаларда қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.	Жазғы сауықтыру бағдарламасы.	Жазғы сауықтыру бағдарламасы.

		тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Әдептілікке, байқампаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылары)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылары)				
Серуен	Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру,	Шөптерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ.		

	Жұмбақ. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ, Аулада тұр қаптап. (Бақбақ) Бақылау. Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсініктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру) Балалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) Бақылау. Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк	«Айт» десе жүгірмес, Су тисе сілкінбес. (Шөп) Бақылау. Аулада өсетін өсімдіктерді танып білу, 3-4 түрін. Жапырақтарын, гүлдерін, тамырларын қарап көру. Гүлді жұлмауға, баспауға үйрету. Қимылды ойын «Бірінші болу». (дене шынықтыру) Бір сызықта тұрған әртүрлі заттарды айнала жүгіру. Ойын ережелерін бұзбай, жарысқа қатыстыру. Еңбек. Тәрбиешінің көмегімен жұмысты бөліп алуға келісу, бірлескен тапсырманы өз уақытында аяқтау		
--	--	--	--	--	--

	Еңбек. Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніндегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. Өз бетімен ойындар. Айналмамен ойнау. (дене шынықтыру) Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау.	түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру) Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау. Еңбек. Гербарий	іскерліктерін қалыптастыру. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Өзіндік ойнау, өзін-өзі басқара білуге үйрету.		
--	---	--	--	--	--

		жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру.			
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу.				

	Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі	"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс	Ритмикалық жаттығу Шынығу үшін шымыр боп, (оң қолын жоғары көтереді) Шынығамыз шаршамай. (сол қолын жоғары көтереді) Бұлшық еттер шымыр боп,		

	қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады. Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда	жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы":	(қолдарын кеуде тұсында кереді) Аламыз сосын тыныс жай. (төменнен жоғары әкеліп, дем шығарады) (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)		
--	---	--	--	--	--

	ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады. (дене шынықтыру)	- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны			
--	---	---	--	--	--

		сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)			
Балалармен жеке жұмыс	Жаз мезгілі туралы тақпақтар жаттау. Жарқын жаз Көл жағалай көп құстар Ұшып-қонып жатады. Қикуласып әр тұстан Сызылтып үн қатады. Дөңгеленіп төбеден, Сәулесін күн төгеді. Жарқын жаздың не деген, Жасыл түсі көп еді. А.Омарова (сөйлеуді дамыту және көркем	Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Театрды сахналау. Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез-келген ертегіні сахналайды. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		

	әдебиет)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз А. Меңжановтың "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)

Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**

Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.

Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.

Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан

	ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналарға кеңес. Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі.	"Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес.		